

# «Әрбір артық кесек көмір, бұл—артық снаряд, автомат»

## қарағандылық комсомолецтердің басты ұраны осы болды

Ұлы Отан соғысының үшінші жылы майдандағы елеулі де маңызды жеңістерге бастау болған айтулы жыл болды. Қарағандылық жастардың Отан қорғаудағы ерен ерліктері мен батылдықтары жайында олар еңбек еткен шахталар мен еңбек коллективтеріне алғыс хаттар көптеп келе бастады. Сондай алғыс хаттардың бірі подполковник Рубцовтан, батальон комиссары Смирновтан, майор Бобровтан келді. Олар өздерімен бірге Отан қорғау майданында жүрген жауынгер Федор

Ефимовтың ата-анасына былай деп жазды: «Өз өмірінің соңғы сәттерінде ауыр жараланғанына қарамастан Федя Ефимов достарын жаудан қалайда құтқарып қалуды ойлады. Автоматтан дәл көздеп атып, гранаталарымен келіп қалған жауды қойдай қырды...».

Қарағандылық жастардың майдан шебіндегі ерен ерліктері күн санап жаңа да қуанышты тың деректермен толығып жатты. Дәл осы жылы облыстық комсомол ұйымында тәрбиеленген бірнеше жас Совет Одағының Батыры атағын алды, орден медальдармен наградталды.

1943 жылғы ақпанның 11-15 күндері өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің VIII пленумы «Республиканың комсомол ұйымдарына партиялық басшылықты жақсарту туралы» мәселе қарады. Осыған орай, барлық партия ұйымдарынан комсомолецтер бастамасын қолдап, жан-жақты дамытуға байланысты шаралар қабылдауды талап етті. Пленум шешімдері комсомол ұйымдарының жұмысын жақсартуға, республика комсомолецтері мен жастарының еңбек белсенділігін көтеруге елеулі ықпал жасады.

Комсомол ұйымдарының ұйымдастырушылық жұмысының арқасында осы жылы Қарағандының көмір өнеркәсібіне 1572 комсомолец ауысты. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті республиканың басқа облыстарынан Қарағанды шахталарына жұмыс істеуге 893 комсомолецті жіберді.

Осы жылдың март айынан бастап «Қарағандауголь» комбинаты ай сайын мемлекеттік жоспарды орындап отырды. Комсомол ұйымы жас кеншілер арасында бұқаралық-саяси жұмысты елеулі түрде жақсартуға қол жеткізді, көмір өндіру жөніндегі мемлекеттік жоспардың орындалуына барлық комсомолецтерді жұмылдыра білді.

Жұмыстың ең қиын учаскелерінде 6 мыңдай ВЛКСМ мүшелері еңбек етті. Ал 828 жас жігіт пен қыз қиын механизмдердің тұтқасына ие болды. Шахталар мен кәсіпорындар жанында құрылған қысқа мерзімді оқу курстарында жас кеншілер мамандық сырын тез-ақ үйреніп, жоғары еңбек өнімділігіне жетті. Осындай құштарлық пен ынтымақтастықтың, тапсырылған іске жауапкершіліктің нәтижесінде он айдың ішінде бассейн комсомолецтері мен жастары жоспардан тыс 71 эшелон көмір өндірді.

Қарағанды комсомол ұйымында ВЛКСМ-нің 25 жылдығына дайындық жұмыстары кеңінен өріс алды. Қарағанды көмір бассейні жас кеншілерінің инициативасымен Ленин комсомолының ширек ғасырлық мерей тойын лайықты еңбек тартуларымен қарсы алу құрметіне жиналыстар өткізілді. Осындай жиналыстарда: «Әрбір артық кесек көмір, бұл — артық снаряд, автомат. Осыны есіңе ұста! Сен өз жоспарыңды орындамайынша шахтадан кетуге тиіс емессің!» деген үндеу қабылданды.

ВЛКСМ-нің 25 жылдығы құрметіне қарағандылық комсомолецтер мен жастар жос-

пардан тыс 131.600 тонна көмір өндірді. Осынау еңбек бәсекесіне 103 комсомол-жастар бригадасы қатысты. Солардың ішіндегі 19 комсомол-жастар қыздар бригадасының барлығы да өндірістік жоспарларын орындап шықты. Олар жұмыстан тыс уақытта жоспарға қосымша 100 эшелон көмір өндірді.

Комсомол ұйымдарында әрбір комсомолецке былай деп жазылған есеп карточкасы ашылды: «Саған Отан, ВЛКСМ-нің 25 жылдығы құрметіне менің сыйлығым!» Бұл карточкаларға комсомолецтер өздерінің міндеттемелерін жазды, комсомол ұйымдарының секретарьлары олардың орындалу барысы туралы деректер жазып отырды.

Осындай кең көлемді, мақсатты ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде Қарағанды комсомол ұйымы ВЛКСМ-нің 25 жылдығы құрметіндегі Бүкілодақтық социалистік жарыста бірінші орынға шығып, ВЛКСМ Орталық Комитетінің мерекелік Қызыл туын жеңіп алды.

1943 жылғы қыркүйек айында үкімет Қарағанды облысында металлургия заводының құрылысын жүргізуге 3 мың адамды мобилизациялау туралы шешім қабылдады. Олардың көпшілігі жастар болатын. Облыстық комсомол ұйымы осынау жауапты құрылысты қамқорлығына алды.

1943 жылы жоғарыда айтып өткеніміздей, соғыс майдандарында неміс-фашистерінің бетін қайтаруда, туған Отанымыздың елді мекендерін, қалалары мен селоларын жаудан азат етуде елеулі бетбұрыстар болды. Неміс-фашист басқыншыларынан зардап шеккен, азат етілген аудан-аймақтардың халық шаруашылығын қалпына келтіру және көтеруге көмек көрсету жөнінде жалпыхалықтық қозғалыстың қуатты кезеңі дәл осы жылы басталды. Қазақстан комсомолецтері мен жастары арасында Сталинградты, Харьковті, Киевті, Орелді және басқа қалаларды қалпына келтіру қорын құру жөнінде қозғалыс кеңінен өріс алды. Осындай игі істің көш басында комсомолецтер жүрді. Мыңдаған жастар жұмыстан тыс уақытта батыр қалаларға тегін сыйлық ретінде көмір өндіріп жөнелтуге атсалысты. Осы жылдың қаңтар айы ішінде ғана қарағандылық жастар Ленинград қаласын қалпына келтіруге сыйлық ретінде 20 мың тоннадан астам көмір өндіріп жөнелтті.

1943 жылдың аяғында ДОН-басқа 450-ден астам кәсіптік шеберлігі мол жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жіберілді. Қарағандылық комсомолецтер «Красноармейскуголь» тресін қамқоршылыққа алды.

Осы жылы 1940 жылмен салыстырғанда 1 миллион 400 мың тонна көмір артық өндірілді. Қараша айында көмір өндірудегі осындай жетістіктері үшін бір топ қарағандылық шахтерлер Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Кеншілердің еңбек майданындағы осындай ерліктері мен тың бастамалары облыстың село жастары арасында да кеңінен қолдау тауып отырды. Олар малды аман сақтау, азық-түлік өнімдерін көптеп өндіру мақсатында небір, қиындықтардан қаймықпай жастарға тән жігер мен батылдық танытты. Майдандағы жауынгерлерге арнап жылы киімдер, азық-түлік тағамдарын жіберуге белсене араласты.

Қарағандылық жастар әрбір артық кесек көмір өндіру үшін күресіп, соғыс майдандарындағы жаңа бетбұрыстарды баянды ету үшін, өздерінің бар күш-жігерін жұмсады.